

Ғылымға арналған ғұмыр

Қырық жыл ғұмыры өткен өсем Алматыдан туған жерге оралып, бүгінде Жаңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде жастарға дәріс беріп жүрген абзал азамат, малдәрігерлік ғылымдарының докторы, профессор Яхон Кереевтің өмірі – өнегеге толы. Бұрынғы Жалпақтал ауданындағы Фурманов орта мектебінде 10 жыл бірге оқыған сыныптасымызды туған ауылының жас-кәрісі бірдей мақтан етеді. Ол - ветеринарияда ғылыми жаңалық ашқан, еліміз бойынша паразитология жөнінен ірі ғалымдардың бірі.

Яхон Мұханбетқалиұлының бала-лық шағы Ұлы Отан соғысынан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңімен тұспа-тұс келді. Әкесі Әжкен Мұханбетқалиев інісі Мұрат Кереев екеуі Ұлы Отан соғысына қатысып, қан майданда қаза тапты. Мұрат соғысқа аттанарда ағасы Әжкен мен жеңгесі Жібектен артында қалған кәрі әкесі мен ауру анасына қолғабыс жасау үшін Яхонды сұрап алған еді. Анасы Жібек жастайынан жөсіп қалып, сол кездегі елге түскен тауқыметті, қиыншылықты бастан өткізіп, ер-азамат орнында күндіз-түні еңбек етіп, алты баланы тәрбиелеп өсіріп, адам етті. Артына дақ түсірмеген қайратты ана зейнеткерлікке шығып, 72 жасында дүниеден озды.

Елге түскен ауыртпалық Яхонды ерте есейтеді. Қаршадайынан атасына еріп, еңбек етеді. Қария оны еңбекқорлыққа, ұқыптылыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Мектепте тәртібі, оқуы жөнінде үлгілі оқушылардың қатарында болған Яхон 1957 жылы Фурманов орта мектебін бізбен бірге бітірді. Мінезі салмақты, турашыл, бадаларынан ұстамды, қайырымды болды. Оқушылардың жазғы демалысы кезінде

де қолынан келгенінше еңбекке араласып, жұмыс істейтін. Сол кездері халықтың жағдайы ауыр болды. Кейбір балалардың жағдайлары көлмей, киерге киімі болмай, мектепке бара алмай қалатын. Мектепке барған балаларға да оқу құралдары жетіспеді. Мұғалімдер оларға қаламды, қарындашты бір-бірден үлестіріп беретін. Дәптер де жетіспейтіндіктен, кейбіреулер газеттің ашық жолдарына жазып отыратын еді. Елуінші жылдардан кейін елдің жағдайы едәуір жақсарды. Жоғары білімді мұғалімдер ауылға келе бастады. Мектеп бітіргеннен кейін ол әскер қатарында болып, азаматтық борышын абыроймен өтеді. 32 рет әскер басшыларынан алғыс алып, үш айға Қостанай облысына тың игеру науқанына жіберілді.

1961 жылы Қостанай облысындағы №76 механизаторлар училищесін бітіріп, еңбек жолын Орал облысының Фурманов ауданындағы XX партсъезд атындағы совхозында (бұрынғы туып-өскен жері "Жаңажол" колхозы) бастады. Қойшы, механизатор, комсомол ұйымының хатшысы болып жұмыс істеді. 25 жасында Алматы малдәрігерлік институтына оқуға түсіп, малдәрігері мамандығын алды.



Қазақ малдәрігерлік ғылыми-зерттеу институтында (ҚазМДФЗИ) кіші ғылыми қызметкерден бас ғылыми қызметкерге дейін жоғарылап, ғылыми жұмыспен шұғылданды. Кейін ҚазМДФЗИ-да аспирантурада оқып, 1983 жылы кандидаттық диссертацияны Мәскеуде қорғады. 1999 жылы докторлық диссертациясын малды таспа құрттардан (эхинококкоз, ценуроз, цистицеркоз) химикалық жолмен сақтандыру тақырыбында Алматыда қорғады.

Малдәрігерлік ғылымының докторы, профессор Яхон Мұханбетқалиұлы мал эхинококкозына байланысты тәжірибе жасап, ветеринарияда эхиноаллергенді және иттердің ішек құрттарына қарсы қолданатын дәрі-дәрмекті тұңғыш рет ұсынды. Қойға көптеген тәжірибе жасау арқылы мал эхинококкозын дәрі арқылы емдеуге болатынын ғылымда дәлелдеді. Бұл ғылыми жаңалықтың құнды жағы - эхинококкозбен ауыратын адамдарды да ота жасамай-ақ дәрімен емдеуге болатындығында. Жерлесіміз еліміз бойынша паразитология бойынша ірі

ғалымдардың бірі, оның ғылыми еңбектері тек Қазақстанда емес, ТМД және алыс-жақын шетелдерде де кеңінен таралған.

«Алматыда да жағдайым жақсы болды, тұрақты жұмысым болды, сый-құрметтен де көнде болғаным жоқ. Балаларым да өмірден өз орындарын тапты. 40 жылдай алыста жүргенімде, кіндік кескен туған жерім, өмірге қанат қаққан Жаңажол ауылым, мектебім, бірге оқыған, құлынтайдай тәбісіп бірге өскен достарым естен шықпады. Тек өкініштісі, елге кеш оралдым. Ендігі мақсатым туған жерде болашақ еліміздің жастарына білім беріп тәрбиелеуді алдыма мақсат етіп қойдым», - деді ол бір әңгімесінде. Қазір жасы 75-ке таянса да, аспиранттарды, магистранттарды даярлауда, олардың диссертациялық жұмыстарының тақырыбын таңдау, талдау, жоспарлау, студенттердің дипломдық қызметі жөнінде жалықпай еңбек етіп келеді. Оның ғылыми жетекшілігімен бір шәкірті кандидаттық, ғылыми кеңесшілігімен екі адам докторлық диссертация қорғады, енді бірінен даярлау үстінде. 40 жыл бойы жүргізген зерттеулерінің нәтижесінде 200-ден арта ғылыми еңбек, мақаласы алыс-жақын шетелдердің түрлі басылымдарында жарық көрді.

Яхон Мұханбетқалиұлы үйде де мамандығынан басқа көркем әдебиет, тарихи жылнамаларды сүйіп оқиды. Кездескенде габратты әңгіме айтып, өдепті жүріс-тұрысымен жолдастарының арасында сый-құрметке бөленіп жүр. «Ғалым болсаң, елге мәлім боларсың» деген қазағымыздың мақалы осыны дәлелдейді. Құрметті жерлесіміз, бір ауыл-аймақтың топырағын басып, суын ішкен сыныптасымыз Яхон Мұханбетқалиұлына арамызда аман-есен жүріңіз дейміз.

Яролла ВАЛИЕВ,
София СӘРСЕНОВА,
еңбек ардагерлері,
Орал қаласы